

Шылауға байланысты жаттығулар.

1-жаттығу. Берілген сөйлемдердің ішінен септеулік шылауды табыңыз.

1. Әжем ауылдан мен үшін келді. 2. Бұл көлік үйге таман келіп тоқтады. 3. Біз ауылға дейін автобус арқылы барамыз. 4. Жиналыс сағат үшке таман басталды. 5. Қысқа қарай күн суытады. 6. Марат жұмысы туралы айтты. 7. Офисте жиырмаға тарта қызметкер жұмыс істейді. 8. Ол өзі туралы көп әңгіме айтты. 9. Сабаққа сенен басқа бәрі қатысты.

2-жаттығу. Көп нүктенің орнына қажетті септеулік шылауды қойыңыз.

1. Мен мұнда сен ... келдім. 2. Жоспар ... бүгін жиналысқа баруымыз керек. 3. Бастық апта ... лездеме өткізеді. 4. Мен жанұямен жыл ... Бурабайға демалуға барамын. 5. Әжем сен ... маған айтты. 6. Ауылға хатты пошта ... жібердім. 7. Ол Абай Құнанбаев ... кітап оқып отыр. 8. Мен балаларыммен телефон ... сөйлестім.

3-жаттығу. Көп нүктенің орнына жалғаулық шылауды қойыңыз.

1. Алматы ... Астана. 2. Алмас ... Әсел. 3. Қарға ... түлкі. 4. Мен ... сен. 5. Киноға бара едім, ... ақшам жоқ. 6. Ол жақсы оқиды, ... жақсы маман болғысы келеді. 7. Мен ауырып қалдым, ... сабаққа бара алмадым. 8. ... кітап оқымасаң, білімді адам бола алмайсың. 9. Жаңбыр жауды, ... қар еріді. 10. Ол ауырып қалды, ... сабаққа дайындалмады. 11. ... айтқанымды орындасаң, қателеспейсің. 12. Кинотеатрға барғым келеді, ... уақытым жоқ.

4-жаттығу. Көп нүктенің орнына қажетті демеулік шылауды қойыңыз.

1. Алыстан жер ..., кеме ..., қарауытып көрінеді. 2. Астанаға біз ... бардық. 3. Олар ... келді. 4. Гүлдердің ішінде, ... маған раушан гүлі ұнайды. 5. Менің жолдасым сапар шегуді жақсы көреді, ... кемемен. 6. Ол бір сұраққа ... қателесті. 7. Ауыл мен қаланың арасы алыс ...?

5-жаттығу. Берілген сөйлемдерді аударып, шылаудың түрін анықтаңыздар.

1. Я хочу знать много о казахской культуре. 2. Я изучаю казахский язык с сентября до июня. 3. После занятия пойду домой. 4. Я ради тебя приехал в деревню. 5. С прошлого года мы изучаем информатику. 6. Студенты сдают экзамены и зачеты. 7. Погода была теплая, но дождливая. 8. Арман то книгу читает, то смотрит телевизор. 9. Я заболел, поэтому не пошел на занятия. 10. Если не будешь читать, то не будешь умным. 11. Я хочу идти в кино, но у меня нет денег. 12. Мой учитель живет в Алматы, а твой? 13. Я люблю читать, особенно исторические произведения. 14. Если я не пойду к своей подруге, то к тебе зойду.

6-жаттығу. Берілген шылаулармен сөйлем құраңыздар.

Әсіресе, және, бірақ, себебі, сондықтан, егер, үшін, дейін, арқылы, туралы.